



Шығыстың
ұлылары

Қ. Бегалин

У 2004

В 5

Сүбедей баһадүр

т а р и х • т ұ л ғ а • у а қ ы т



арына
Б А С П А С Ы

Қ. Бегалин

Субедей баһадур



аруна
Б А С П А С Ы

ББК 63.3 (5)

Б 34

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Б 34 Бегалин Қ.
Сүбедей баһадүр. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна»
баспасы. 2004. – 92 бет. – «Шығыстың ұлылары» топтамасы

ISBN 9965 – 26 – 059 – 1

«Аруна» баспасы сіздерге арнап «Шығыстың ұлылары» атты топтаманың жалғасын ұсынады. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда Шыңғыс хан құрған ортағасырлық империяның тарихы суреттеліп қана қоймай, сонымен қатар тарихта Хуанхэ өзенінен Жерорта теңізіне дейінгі елді мекендерді тұңғыш жаулап алған қолбасшы Сүбедей баһадүрдің өмірі мен күрес жолдары толық әрі әсерлі баяндалады.

Б


0503000000
00 (05) -05

ББК 63.3 (5)

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

ISBN 9965 – 26 – 059 – 1

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005



Шыңғыс ханның дәуірі әлемге танымал талантты қолбасшыларды өмірге келтірді. Солардың ішінде Сүбедей баһадүрдің орны ерекше. Ол ұранқай тайпасының даңқы жер жарған ежелгі жаугер руларынан шыққан Қабыл ноянның отбасында дүниеге келген.

Моңғолдарда үйдің кенжесі «қарашаңырақ иесі» атанған. Сол көне дәстүр бойынша, әкесі көз жұмған соң Сүбедей де барлық мал-мүліктің мұрагері болып, туған ауылын қорғауды өз қолына алуы тиіс еді. Алайда тағдыр өз дегенін істеді.

Сонау бір алыста қалған аласапыран заман туралы моңғолдардың «Киелі аңыз» жылнамасында: «Жұлдызды аспан төңкеріліп жерге түсті – жерге нәубет келді. Тірі жан көз ілмеді, кімнің күші жетсе, сол елді қан қақсатты, тонады», – делінген.

Мұндай жағдайда Сүбедей әскери өмірден басқа нәрсені таңдауы мүмкін емес еді. Ол өзінің даңқты ерлік жолдарының басында-ақ «баһадүр» деген атаққа ие болды. Кейін «Шыңғыс ханның көк бөрісі» атанды. Ал қыпшақ далаларында «аяғы жаралы барыс» деген лақаппен танымал болды.

Бұл тарих өте ертеде, дәлірек айтқанда, бір мың бір жүз алпыс төртінші жылы Қабыл ноянның шаңырағында дүниеге шыр етіп сәби келген күннен басталған еді. Жарық дүниеге ер бала келді, оның атын Сүбедей қойды. Анасы Сүбедейдің есінде жоқ. Өйткені ол мұның тәй тұрып, қаз басқанын да көрмей бақилық болған. Содан бастап жас баланың күтімі, тәрбиесі Желме, Шауырхан деген екі ағасы мен Даржыгүн апайының мойнына түсті. Әсіресе, Даржыгүн ана орнына анадай болып, қамқорына айналды, тынымсыз інісіне бас-көз бола білді.

Әкелерінің үйде болуы тым сирек. Атақты Есугей баһадүр қайтыс болғалы жан-жақтан анталаған жаудың бетін қайтарар ешкім болмай тұр. Әсіресе, меркіттер мен татарлардың* аш қасқырдай жалақтаған жортуылшылары осы маңды төңіректесп шықпайтын болды. Қабыл ноян сарбаздарымен ауылды солардан қориды. Күндіз-түні күзет, тынымсыз жорық. ...Сондай бір жорықтан әкелерін сықырлаған арбаға салып әкелді.

Сарбаздардың өңдері жабыңқы. Аттарынан үнсіз түсіп, арбада ыңырсып жатқан Қабыл ноянды ақырын көтеріп, үйге алып кірді. Арттарынан қарт балгер ілесті.

Балалар тыста қалды. Бойын үрей билеген Сүбедей Желме ағасының аяғынан тас қып ұстап, жабыса түскен. Желме бір қолымен мұның басынан сипап, екінші қолымен солқ-солқ жылаған қарындасын құшақтап алған. Шауырхан жасаураған жанарын көрсеткісі келмей төмен қарайды.

Әкелері есін жиғанша түнемелік май шам жанып тұратын болды. Биік мыс тағанның үстіне қойылған шамның жарығынан киіз үйдің іші түгел көрінеді. Босағаның сол жағында кереге басында – киім-кешек, оң жағында – әкесінің қару-жарағы, сауыт-сайманы, көнетоз қорамсағы. Тек қайқы қылышы ғана әкесінің бас жағында ілулі.

*меркіт, татар – көшпенді тайпалар.



Сүбедейдің күнде көретіні осы сурет. Соларға қарап жатып көзі ұйқыға кетеді.

Бір күні түнде Қабыл есін жиып жарасының жанына бата ауырғанына қарамай, басын көтерді. Ноян қажырлы әрі сұсты кісі болатын. Ат үстінде өткен жаугершілік өмірдің әсері болса керек, қабағы ашылып жүретін кезі сирек. Анда-санда ғана көздеріне мейірім ұялайтын. Онда да балаларымен отырған жайма-шуақ кезде ғана. Бүгін де Қабыл ноянның түнеріңкі қабағының астынан қуаныш оты жылт етті. Жан-жағына қарады. Төсек жанында малдас құрған қалпы қалғып Желме отыр. Басқа балалар ұйықтап жатыр. Оянып кеткен Желме әкесін көріп әуелі сасқалақтап қалды. Бірақ тез есін жиып әкесіне ұмтылды. Арқасына жастық қойып, бойын тіктеп отыруына көмектесті. Қарт ноян жарақатын ауырсына бетін тыржитып, ыңыранып сәл отырды. Содан кейін асықпай сөзін бастады.

– Желме, мен әзір атқа қона алмаспын. Жан-жақтан жау тұрғанда қамсыз отыруға болмайды. Жолдас-жораларыңды жина, күзетті күшейт.

Таң атысымен Желме құрбы-құрдастарын жиып жолға шықты.

– Әке, мен де барайын, – деп сұранды Шауырхан.

– Жоқ, – деді Қабыл ноян шорт кесіп. – Әуелі садақ атуды үйреніп ал.

Шауырхан аузы бұртиып:

– Мен садақ ата алам, – деді.

– Мақтаншақ бұзау сүзісемін деп жүріп маңдайын жарыпты.

Даржыгүн мен Сүбедей күліп жіберді. Шауырхан садағы мен жебелерін алып, үнсіз үйден шығып кетті.

Арада біраз күн өткенде бір топ жауынгермен ауылға келе жатқан Желме көрінді. Үлкен ағасының жанындағы сарбаздар – Сүбедейдің бұрын көрмеген адамдары. Ол дереу үйге жүгіріп кіріп, әкесіне бөтен кісілердің келе жатқанын жеткізді.

Бұл кезде Қабыл ноян жазыла бастаған, өздігінен жүріп-тұратын халге де жеткен. Ол жер таянып орнынан тұрып, тысқа шықты. Күннен көзін көлегейлеп, жақындап қалған салт аттыларға қарады.

– Мынау Тарғұтайдың нөкерлері ғой, – деді сосын. – Шауырхан, қонақтарға бір семіз қой дайында. Даржыгүн, сусын әзірле. Ал сен, Сүбедей, үлкен қазанның астына от жақ.

Балалар дереу іске кірісіп кетті.

Ауыл тұрғындары да бейтаныс адамдардың алдарынан шығып сәлемдесіп, әрқайсысы өз үйіне қонаққа шақырысып жатыр. Бірақ олар ешқайда аялдамай, ауыл ақсақалы Қабыл ноянның үйіне тура тартты.

Алда келе жатқан сардар:

– Амансың ба, ардақты Қабыл ноян? – деді дауыстап.

– Аман-есенбісіңдер, Аучу баһадүр. Жол болсын! Қайдан жүрсіңдер?

– Мына құлды, – деді Аучу баһадүр шабдар аттағы мойнына ағаш бұғау салынған бозбаланы қамшысымен нұсқап, – Тарғұтай әкеп бер деп тапсырып еді. Жолда ұлыңды кездестіріп, сенің жараланып жатқаныңды естідім. Өзіңді көре кетейін деп әдейі бұрылдым. Сауығып қапсың ғой, қуаныштымын.

– Рақмет, мені ұмытпағаныңа. Үйге кіріңдер, жолдан шаршаған шығарсыңдар.

Қонақтар аттарынан түсіп, міністерін мама ағашқа байлады. Біреуі тұтқынды түсіріп, арқасынан нұқып әкеліп, Сүбедей от жағып жатқан қазандықтың жанына отырғызды.

Тұтқын баланың шашы жирен, көзі көк екен. Сүбедей бұрынсоңды мұндай жанмен кездеспепті. Бір түрлі қызық көрінді. Ол бейтаныс балаға жақындап:


– Атың кім сенің? – деп сұрады.

– Құлдың аты болушы ма еді, – деді тұтқын енжар ғана.

Әлгі сарбаз кеңкілдей күліп:

– Бұл Тарғұтаймен күш сынаспақ болып жүрген Темучин ғой, – деді.

Сүбедей бұған таң қалды. Тарғұтайды шылқыған бай деп естіген. Әлсіз адам сонша байлықты ұстап тұра алмасы анық. Тарғұтай мұның көзіне ертегінің алып батырындай елестейтін. Ондаймен күш сынасу мүмкін бе? Сүбедей ананың айтқанына сенген жоқ. Рас па дегендей әкесіне қарады.



– Жел сөз желден де жүйрік, – деді әкесі. – Демек сен Есугейдің ұлы болдың ғой.

Тұтқын төмен қарады. Қарт ноян терең күрсініп:

– Ауыл-аймақты жаудан қорғап жүрсін деп қай бір жылы сенің әкеңе қылыш тарту етіп ем, – деді.

– Ол қылыш қазір үйде тат басып тұр.

– Әлі-ақ оны қолыңа аласың, қазір жақсылап тамақтанып ал.

Темучин басын көтеріп алды. Бірдеңе айтпақ болып еді, Қабыл үйге кіріп кеткесін үндемеді. Тек қос жанарында ұшқын атқан үміттің нышаны байқалды.

Тұтқын бала етті үнсіз отырып жеді. Сүбедей ойындағысын сұрар-сұрамасын білмей, қасында теңселіп біраз жүрді. Ақыры шыдамады, Темучиннің алдына жүресінен отыра кетіп:

– Сенің Тарғұтаймен жауласып жүргенің рас па? – деді.

Тұтқын күліп жіберді. Сүбедей ызалана қолын бір сілтеп орнынан тұрып кетті.

– Өзім де біліп едім.

– Сенің ойыңда не барын білмеймін, ал Тарғұтай бұл ісі үшін сыбағасын алады.

Сүбедей ойланып жатпастан:

– Мақтаншақ бұзау сүзісемін деп маңдайын жарыпты дегенді естіп пе ең, – деді кекесінділеу күлкімен.

Бұған бәрі күліп жіберді, әсіресе Шауырхан ішін ұстап, мәз болды. Осы уақытта киіз үйден Желме шықты.

– Неге шулап жатырсыңдар?

Балалар тыныштала қалды. Бірақ көздерінен қуаныш, езулерінен күлкі табы көрініп тұр.

– Бауырларың көңілді екен, – деді Темучин.

Желме оны білетін. Дегенмен сырт көзден мақтау естудің жөні басқа. Ол жайбарақат күліп келіп тұтқынның жанына отырды.

– Сенің де қайғырып отырғаның шамалы. Мойныңдағыны алып тастаса ғой... – деді Желме ағаш бұғауға қарап. – Мына темір суырылса, ағашын босатуға болар еді.

– Темір ұстасы болмаса, бұл біздің қолдан келе қоймас, – деді Темучин.

Желме жан-жағын барлап алып, ақырын ғана:

– Тарғұтайдың ауылында Шымбай, Шылауын деген ағайынды жігіттер бар. Сорған-Шыраның ұлдары. Менен сәлем айт, солар көмектеседі.

Кеш түсе нөкерлер Темучинді алып, жүріп кетті. Бәрі осымен тынып, сол күйі ұмыт болар ма еді, кім білсін. Бірақ бір күні Қабыл ноянның үйіне досы Сорған-Шыра мен Көкеші бақсы келе қалды. Олардың әңгімесін естіп қалған Сүбедей екі өкпесін қолына ала Шауырхан мен Даржыгүнге жетті.

– Мына кісілер Темучиннің қашуына көмектеспекші екен.

Екеуі қуанышты хабар естігендей бір ауыздан жарыса:

– Қашан? – деді.

Сүбедей иығын қиқаң еткізді.

– Түу, ең бастысы сол еді ғой, – деп Шауырхан ашуланды.

– Күбір-күбір етіп дұрыс естілмеді, – деді кінәлі адамдай төменшіктеп.

– Жарайсың, Сүбедей, осының өзі неге тұрады, – деп Даржыгүн оның көңілін аулап қойды.

Көп кешікпей балуандар мен мергендер сайысы болатыны жария етілді. Бұл балалар үшін нағыз думан. Сүбедейлердің қуанышында шек жоқ. Бірақ әкесі оларды жібермей қойды. Оның себебін кейінірек, сол күні түн ортасында үйге Темучин мен Желме кіріп келгенде барып түсінді. Екеуі тездетіп тамақтанды да, ат ауыстырып мініп, түн қойнына сіңіп ғайып болды. Ертеңіне таңертең Тарғұтай нөкерлері келіп жетті. Қабыл ноян есік алдына шығып қарсы алып:

– Ат-көлігің аман ба, Аучу баһадүр. Төрлетіңдер, – деп үйге шақырды.

Аучу баһадүр селқос сәлемдесті. Төңіректі тінти қарап:

– Асығыспыз, Темучинді қуып келеміз... – деді.

– Қашып кетіп пе, немене? – Қабыл таңданған сыңай танытты.

– Иә, кешегі у-дуды пайдаланыпты. Ұзап қайда бара қояр дейсің.

Кенет оның көзі есік алдында байлаулы тұрған аттарға түсті. Ойына әлдебір күдік кіргендей шұқшия түсіп:

– Анау Сорған-Шыраның аты емес пе? – деді қамшысымен нұсқап.

Қабыл жайбарақат қана:

– Иә, – деді.

– Желме қайда жүр?

– Кім білсін оның қайда жүргенін. Ол да бір, таудың тағысы да бір.

Аучу баһадүр тебініп қап жақындады да, ат үстінен еңкейіп:

– Темучинге біреу көмектеспесе, ол қаша алмас еді. Демек оның жақтасы бар. Ұлыңа байқас бол, Қабыл ноян, – деді ақырын ғана.

Мына сөзге Қабыл ноян шамданып қалды. Ол кәрлене:

– Оны қой құсатып қораға қамай алмаспын, – деді.

Мұндай жауап күтпеген Аучу баһадүр шегіншектей берді. Сескеніп қалған сияқты. Көздері шатынап:

– Мен саған Тарғұтаймен ойнама деп ескерткем, – деді де, атын борбайға бір тартып шауып ала жөнелді. Бұл сөздің бекер айтыла салмағаны көп кешікпей мәлім болды.

Күздің суық түні еді. Жарасы әлі толық жазыла қоймаған Қабыл ноян үйінде ұйықтап жатқан. Балалар да терең ұйқы құшағында. Ауыл төңірегі тым-тырыс. Тек анда-санда аттың пысқырғаны естіледі. Кенет осы мүлгіген тыныштық шырт бұзылды. Ауыл үстін ысылдай ұшқан жебелер мен жан ұшыра ышқынған адам даусы басып кетті. Ұйқысынан шошып оянған Қабыл қылышын ала сала тысқа жүгірді. Әкесінің артынан садағын ұстап Шауырхан кетті. Олардың арттарынан Сүбедей де тұра ұмтылды. Оны бөгемек болған Даржыгүн үлгермей қалды.

– Қайда барасың? Тоқта!

Дала жап-жарық. Сөйтсе, ауылдың біраз үйлері мен арбалар отқа оранған. Шөмелелер де лапылдап жанып жатыр. Біреулер жауға қарсы шабуға аттарына жүгіріп, біреулер өртті сөндірмек болып әуре.

Шыққан бойда мына кереметті көрген Сүбедей сасқалақтап қалды. Бір сәт оған аспаннан жұлдыз жауып жатқандай көрінген. Сөйтсе ұшына от қойылған жебелер екен. Сондай бір жебе дәл жанынан зу етіп өте шықты. Сөйткенше болмады, ту сыртынан біреудің «ах» деп ышқынып, құлап түскені естілді. Артына жалт

қараса, жерде шалқасынан түсіп Даржыгүн апайы жатыр. Көкірек тұсынан жебенің масағы көрінеді.

– Даржыгүн!..

Баланың ащы даусы ауаны тіліп өтті. Апайының шарасынан шыққан көздерін, езуінен сызып аққан қанды көргенде



Сүбедейдің есі ауғандай болды. Тізелері дірілдеп, буын-буыны босап апайының сұлқ жатқан денесінің жанына отыра кетті. Одан кейін не болғаны белгісіз. Көз алды бұлыңғыр тартып жүре берді.

Даржыгүннің қазасы Сүбедейге ауыр тиді. Біраз уақыт төсек тартып жатып қалды. Қызуы көтеріліп, түнемелік сандырақтап, әбден жүдеді. Айырылып қаламын ба деп қорыққан әкесі күндіз-түні жанында отырды. Мойнына бұршақ салып Көк Тәңірінен кенже баласының амандығын тіледі. Тезірек сауықсын деп Иллоиға* арнап құрбандыққа ақ түйе шалды.

Тәңірдің мейірімі түсіп, зарыға күткен күн де жетті-ау. Неше күн ес-түссіз жатқан Сүбедей есін жиды. Көзін аша сала шақырғаны Даржыгүн апайы болды. Мұның алдында өзі көрген жан түршігерлік оқиғаны түсім шығар деп үміттеніп еді. Қасынан апайы емес, бетіне үңіліп отырған әкесін көрді. Көзі шүңірейіп, жағы суалып, тіпті қартайып кеткен сияқты. Қабыл дауыстап Көк Тәңіріне алғысын жаудыра бастады. Осы кезде үйге Шауырхан кіріп келді. Бас салып інісін құшақтап отыра кетті. Сүбедейдің тұла-бойы дір ете қалды. Сол сәтте ғана ол Даржыгүнді енді қайтіп көрмейтінін ұққандай болды.

– Даржыгүннің өлімі меркіттердің мойнында. Біз қайткенде оның кегін қайтаруымыз керек, – деді Шауырхан ызалы үнмен.

– Жігіттерді өлтіріп, екі күзеттен де өтіп кеткен. Біздікілер жақындатпаса керек еді. Біреулер көмектескен тәрізді ме, кім білсін... Сірә, араларында таныс адамдар болса керек, – деді әкесі.

– Баяғы Тарғұтайдың нөкерлері де, басқа кім болушы еді...

– Бұл жерден көшу керек.

**Иллои – өлгендердің жаны ұшып баратын Жер-Су елінің (мифтік) билеушісі.*

Содан олар көктем шыға бір-ақ көшті. Малдарын алдына салып, әйелдер мен балаларды арбаға отырғызып, қоныс аударды. Көш басында Қабыл ноян бастаған бір топ жауынгер. Желме мана «Темучинге барсақ қайтеді?» деген. Әкесі «көрерміз» дей салған еді. Бірақ сол сөз көңіліне қонған секілді. Біраздан соң Қабыл көшті тоқтатып, жағалай күзет қойғызды. Сөйтті де, ұлдарын ертіп жолға шықты. Діттеген жерлеріне тез-ақ жетті.

Бұларды көргенде Темучин орнынан атып тұрып, қонақтарды төрге шақырды. Қабыл ноян аздап қартайғанмен, денесі әлі мығым. Қалың қабағы сол баяғы түксиген қалпы. Желме нағыз жауынгер болған. Шауырхан да ержетіпті, тығыршықтай. Тек Сүбедей бойы өскелең болғанымен, өңі жүдеу.

Қабыл ноян әр жайдың басын бір шалып, біраз нәрсе сұрастырды. Темучин қысқа-қысқа жауап беріп, бұл жүрістің мәнін білгенше асықты.

– Бөлінгенді бөрі жейді дейді... Біз Тарғұтай мен меркіттерден ірге аударып, көшіп барамыз.

– Солай ма?! Онда осында келіңдер, – деді Темучин қуанышын жасырмай.

Қабыл ноян жымығандай болды.

– Қоныс тарлық етпей ме?

– Ауылда бар-жоғы отыз үй. Мал басы да көп емес. Сіздер Бурхан-Қалдун бөктерін жайлаңыздар. Біріксек, жау бізбен санасатын болады.

– Олай болса, Желме мен Шауырхан қасыңда қалсын.

– Мен де қалайыншы, – деді Сүбедей аузы бұртиып.

– Жоқ, сен менімен жүресің.

Ертеңіне таң ата Сүбедей мен әкесі атқа қонды. Темучиннің шешесі Оәлун Қабылға баяғыда ұлының қашуына көмектескені үшін шексіз алғысын білдіріп жатты. Ерекше құрметтің белгісі ретінде



қонақтарды Темучинмен бірге Хасар, Бәлгүтей, Хачиун, Отчигин інілері шығарып салды. Желме мен Шауырхан қуанышты. Тек Сүбедей ғана көңілсіз. Мұны байқаған Темучин оған жақындап келіп, әкесіне естіртпей ақырын ғана:

– Саспа, сен ертең менің сарбазым боласың, – деді.

– Қашан?

– Асықпа, ертең-ақ...

Баланың өңіне қан жүгірді. Темучин ең кіші інісі Отчигинді шақырды да, құлағына бірдеңе деді. Анау басын изеді. Сөйтті де, өзінің садағын алып Сүбедейге ұсынып жатып:

– Мынау менің саған сыйлығым, – деді.

– Қиын-қыстау кезде маған қол ұшын бердіңдер, енді мен бір-бір ат мінгізсем деймін, – деп Темучин сымбатты сәйгүліктерді Қабылдың алдына көлденең тартты.

– Ау, мұның ханның сыйы ғой, – деді Қабыл ноян.

– Бұл меркіттерден келген олжа. Достарыммен бөлісуге болатын шығар.

Темучин көңілді. Желмелерге қарап көзін қысып қояды. Олар да мәз.

Әкесі мен Сүбедей шығарып салушылармен қоштасып, әрі қарай өздері кетті. Сүбедей Отчигин берген садақты айналдырып қарап келеді. Адырнасы қатты татар садағы, отыз шақты оғы бар екен.

– Ұнай ма?

– Жақсы екен.

– Садақ атуды өзім үйретемін, – деп қойды әкесі баласын қуантып.

Осылайша олар Бурхан-Қалдун бөктеріне қоныс тепті. Тауда аң көп. Сүбедей әкесімен бірге күнде аңға шығады. Аң аулап жүріп, садақ атуды үйренді. Бірте-бірте атқаны мүлт кетпейтін нағыз мерген болып алды.

Уақыт жылжып өтіп жатты. Қабыл ноян егде тартып, қария жасына жетті. Енді ол көбіне үйде отыратын болды. Құр отырмайды, көрген-білгенін ұлына айта отырады. Көне көз қарт ноянның айтары мол. Әкесінің аузынан Сүбедей көп жайға қанықты. Әсіресе, құныға тыңдайтыны – ата-баба тарихы.

Әкесінің айтуынша, бұлар ұранқай руынан. Ертеде олар Қимақтар елінде, Ертіс бойында көшіп-қонып жүріпті. Ол қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман екен. Халықтың өсіп-өнгені сонша, жаңа қоныс іздеуге тура келеді. Біреулері батысқа, біреулері шығысқа көшіпті.

Қабылдың ата-анасы Гоби алқабына тартады. Ол кезде ел басшысы өзі әділ, өзі ақылды Амбағай қаған болған. Ол көшпелі ұсақ руларды біріктірген. Кейін бұлар моңғолдар деп аталып кеткен. Біріккен моңғолдар уақыт өте әбден күшейеді. Бұл қытай императорының мазасын кетіреді. Содан олар қитұрқы саясат қолданып, ел ішіне іріткі салады. Сөйтіп көшпенділер арасында соғыс басталады. Соғыс кезінде Амбағай қаған қаза табады. Оның өлімінен кейін моңғолдар одағы ыдырайды. Алайда қайсар, өжет жауынгерлер ел бостандығын қайткенде де қорғап қалуға күш салады. Сөйтіп Қытаймен, оның одақтастарымен соғысты жалғастыра береді.

Сол кезеңдерде моңғол атқамінерлерінің арасында қият руының көсемі Есугей баһадүрдің атағы кеңге тарайды. Ол қытай, татар және меркіттерге қарсы көптеген жорық ұйымдастырған. Ашық майданда берілмеген есіл ерді арам пиғыл дұшпандары у беріп өлтіреді.

– Моңғолдың басынан бақ тайған кез болды бұл. Елдің сиқы мынау. Ыдыраған елдің басын біріктірер ер жоқ, – деп қарт ноян ауыр күрсіне әңгімесін аяқтады. Сүбедей есіне бірдеңе түскендей әкесіне қарап:

– Темучин ше? Есугей баһадүрдің үлкен ұлы сол ғой, – деді.

Қабыл ноян бірдеңе айтпақ еді, жөтел қысып сөйлей алмады. Ол төсек тартып жатқалы, міне, бірнеше күн. Содан бері Сүбедей әкесінің қасынан шыққан емес. Қанша өбектегенмен, қолдан келер шара жоқ. Көк Тәңірінің әмірін өзгерте алмайды...

Күн өткен сайын әкесінің халі нашарлай берді. Соңғы күндері тек анда-санда көзін ашатыны болмаса, қимылсыз жатыр. Онда да кіреуке тартқан жанары Сүбедейге тура түспейді. Мына дүние мен ана дүниенің екі арасында кезіп жүргендей. Өзінің қайда екенін де білмейтін секілді. Сөйтіп жатып кенет түсінен шошып

оянғандай Қабыл ноян көзін ашып алды. Көз жанары күндегідей емес, ағы ақ, қарасы қара – қап-қанық. Сүбедейге өте маңызды бірдеңе айтатындағысындай тік қарады. Ұлы тыңдап отырмын дегендей иіле берді.

– Темучинге бар, шын көңіліңмен қызмет ет...

Бұл әкесінің соңғы сөзі және соңғы тапсырмасы болды. Сүбедей әкесін жерлеген соң-ақ жолға шықты. Ойында әкесінің тілегі.



Темучин ауылының ұлғайғаны алыстан-ақ көзге ұрды. Үй саны жүзге жетіп қалғандай. Екі жыл бұрын әкесі екеуі келіп кеткенде мұндай үлкен ауыл емес еді. Демек, Есугей баһадүрдің ұлына елдің сенім артқаны ғой.

Әке өлімін естіген Желме мен Шауырхан иіндері салбырап отыра кетті. Қайғылы хабарды естіген Темучин де келіп ағайындыларға көңіл айтты. Үшеуімен жеке-жеке көрісіп болған соң, төсеулі кілемге жайғасты.

– Қабыл ноян жақсы адам еді, – Темучиннің даусы әдеттегідей емес, бір түрлі дірілдеп шықты. – Аманатқа ештеңе айтпады ма?

– Саған адал қызмет етуді тапсырды маған.

– Мұнысы орындалды деп есепте. Бірақ сенің кім болғың келеді? Алдымен соны шеш. Жауынгер ме, әлде шаңырақ иесі ме? Сен үйдің кенжесісің ғой.

Ағалары мен Темучин бұған байыппен қарап отыр. Сүбедей қазір өмірінде ең маңызды шешім қабылдауы керек. Екінің бірін таңдауы тиіс.

– Әрине, ел қорғаны – ер жауынгер болғым келеді.

– Жарайды, солай болсын. Тек ер болу сенің өз қолыңда.

– Ант етейін, соның жолында ештеңеден аянбаймын.

– Сен бұл антыңды моңғолдар мені хан көтергенде айтарсың.

Темучин осыны айтты да, орнынан шапшаң көтеріліп, үйден шығып кетті. Сүбедей оның мына сөзіне әрі таң қалды, әрі қуанды. «Мен жаңсақ естімедім бе?» дегендей, Желмеге бұрылды.

– Жақында біз ұсақ рулардың басын қосамыз. Бір одаққа біріксек, үлкен күшпіз. Әзірге мұны ет жақын достарымыз ғана біледі. Кейін дұшпандарымыздың да оған көзі жетеді, – деді үлкен ағасы.

– Сонда біз олардан Даржыгүннің кегін қайтарамыз, – деді Шауырхан кекке толы зілді үнмен.

Сүбедейдің жанары жалт етті. Ағасының мына сөзі күні ертең шауып барып апайының кегін алатындай жігерлендіріп жіберді.

Ертеңіне-ақ Сүбедейдің әскери қызметі басталды. Темучин оны салт атты барлаушылар тобына қосты. Бес-он адамнан құрылған мұндай топтардың жұмысы – маңайды күзету. Барлаушы болып жүріп Сүбедей із кесуді үйренді. Дала төсін кезіп жүрген адам үшін жапырылған шөп, тұяқ ізі, жылқы тезегі, бұта басына ілініп қалған малдың жүні – бәрі-бәрі мәлімет көзі. Бұл үйренгендері Сүбедейдің талай қажетіне жарады. Қаншама рет дұшпанның жолын да кесті, соның арқасында төніп келген ажалдан да құтылды.

Сүбедей ауылға өте сирек қатынасты. Алайда ауылда не болып, не қойып жатқанын біліп жүрді. Әр рудың көсемдері бір-бірлеп Темучинге келіп-кетіп жатты. Біреулері бір келіп кеткесін қайтып оралмады. Ал енді біреулері шапқылап, атын ақ көбік қылып жиі келетін болды. Келушілер күннен-күнге көбейе түсті. Көп ұзамай ауыл маңы жарау атты сарбаздарға толды. Құдды араның ұясы дерсің. Бұлардың неге жиналып жатқандарын Сүбедей басында түсінбей жүрген. Бір күні Көкеші бақсы Онон бойында моңғолдардың құрылтайы болатынын жария етті. Сонда барып ол ауылдағы әбігердің мәнісін ұқты: моңғолдар құрылтайда өздеріне хан сайламақ.

Осы бір маңызды оқиғаның алдында Темучин Сүбедейді шақыртып:

– Құрылтайға барасың да, менің ертең таңертең жететінімді айтасың. Мен барғанша, маған көрсетер сый-құрметін саған көрсетсін, – деді.

Сүбедей оң қолын кеудесіне қойып, тәжім етті де, бөгеліңкіреп қалды.

– Не болды?

– Темучин, менің сауыт-сайман, қару-жарағым жоқ. Киімімнің де тозығы жеткен. Ертең хан болатын адамның атынан мына түріммен барғаным ұят емес пе?

– Ертең нақ менің хан болатыныма сенесің бе сен?

– Әрине!

– Киімді ойлап қам жеме. Ең маңыздысы, сенің маған сенгенің, – Темучин қулана жымысып, – Қайта осы түрің жақсы, – деді.

Сүбедей мұның ар жағында бір астар барын түсінді. Бірақ ойланып жатуға уақыт жоқ. Үйден шыға сала атқа қонып, Онон өзенін бетке алып тартып отырды. Астында арындаған ат, қамшы салдырмайды. Күн аумамай-ақ барар жерге жетіп келді.

Келе Көкеші бақсыға Темучиннің сәлемін жеткізді. Бақсы құрмет көрсете өз қолымен шара толы қымыз ұсынды. Сүбедей қымызды демалмай сіміріп жатқан. Кенет алдына Сорған-Шыраның Шымбай және Шылауын деген екі ұлы бір тізерлеп отыра кетіп, бастарын иіп жатқанына көзі түскенде сасқалақтап қалды. Не айтарын білмей:

– Сіздерге не болған? – деді.

– Темучинге қалай сәлем берер болсақ, саған да солай сәлем беріп жатырмыз.

Мұндайды күтпеген Сүбедей ішіп отырған қымызына шашалып қалды. Ағайынды екеуі дереу атып тұрып, мұның арқасынан қағып жатыр. Сосын екеуі Сүбедейді әрқайсысы жүздеген жауынгерден нөкер ерткен рубасы, көсемдерге апарды. Бірақ іштерінде Тарғұтаймен тең түсе алатыны жоқ. Оған мыңға жуық қошеметшілері еріп жүр.

Тарғұтай бай өзінің хан сайланатынына сенімі мол сияқты. Жан-жағына маңғаздана қарап, тіпті әмірін жүргізе бастаған. Сүбедейді көргенде:

– Мынау кім тағы да? – деді даусын көтеріп.

Шымбай мен Шылауын бір дауыстан тақ-тақ етіп:

– Темучиннің елшісі, – деді.

Тарғұтай өңі сұп-сұр боп орнынан атып тұрды. Көзіне қан толып, қылышын қолына қыса түскен. Бейтаныс жігітті бастан-аяқ шолып шыққан соң ғана көңілі орнығып, кекете:

– Өзі келуге тәуекелі жетпей, мына сабалақты жіберген бе? – деді.

Кейбіреулер мына сөзге мәз болды. Бірақ көпшілік онша қоштай қоймады. Сүбедей Тарғұтай байдың өзі ойлағандай керемет кісі емес екеніне көзі жеткендей болды. Шолақ ойлайтын ақымақ біреу тәрізді.

Сүбедей даусын көтеріп, салтанатты түрде:

– Қият руының көсемі Есугей баһадүрдің ұлы Темучин ноян хан сайлауына ертең таң ата келеді, – деді.

– Біз ханды онсыз да сайлаймыз.

– Онда Темучинді құрылтайға не үшін шақырдыңдар?

– Кім оны шақырып жүрген?

– Таң атқанша ойланып көр...

Тарғұтай бірдеңе айтпақ болып еді, ду ете түскен күлкі даусын көміп кетті. Қасындағы нөкерлері басу айтып, оны орнына отырғызды.

Күн көкжиектен енді көтеріле бастағанда қым-қуыт әбігер басталды. Сүбедей де айғай-шудан оянып кетті. Көзін ашса, адамдар аттарын ерттеп, олай-бұлай жүгірісіп жүр. Тұра сала дүрмекке бұл да қосылды. Артынша есін жиғандай болды. Шаба қояр жау көрінбейді. Демек, бұл келе жатқан Темучиннің өзі болар. Осыны ойлағанда, Сүбедейдің көңілі орнына түсті. Анықтап қараса, ұлы майданға шеру тартқан қалың қолдан кем емес. Қара құрым боп қаптап келеді.

Сүбедей аузы аңқайып қарап тұрғанда, қасына Шымбай мен Шылауын келді. Екеуі жайнаң қағады. Үшеуі енді Темучинге қарсы жүрді. Темучиннің үстінде әдеттегі киімі. Тонының сыртынан жалпақ көнетоз былғары белбеумен буынған. Белбеуінде әкесінің қылышы. Екі жағында қатарласып Желме мен Боғуршы, артында өзінің інілері келеді. Сүбедей көтеріңкі дауыспен:

– Темучин ноян, өзіңді көргенімізге қуаныштымыз! – деді.

– Біз де сені бұғаусыз көргенімізге қуаныштымыз.

Сарбаздар күліп жіберді. Сүбедей өзіне жүктелген тапсырманың қаншалықты жауапты болғанын сонда барып ұқты. Кезіндегі қашқын құлдың елшісін де тап солай бұғаулауы мүмкін екен ғой. Осыны ойлап Сүбедей өзінің үстіне қарады. Есіне Темучиннің «қайта осы түрің жақсы» дегені түсіп, ойланып тұрып қалды. Осы кезде жанынан өтіп бара жатқан Желме иығынан қағып қалды. Селт етіп есін жиған ол атын тебініп қалып ағасының соңынан ілесті. Шымбай мен Шылауын да аттарын тайпалта бастырып қатарласты. Екеуі Сүбедейге қарап жымың-жымың етеді. Олар да енді қауіптенер ештеңе жоғына сенімді секілді.

Тарғұтай, тағы бір-екі рубасы құрылтайды тастап, аттанып кетті. Ши шығарар ешкім болмаған соң құрылтай шешімі тез қабылданды. Бір ауыздан Темучин хан сайланды. Рубасылар оны ескі салт бойынша ақ киізге салып хан көтерді.

